Бекітемін:
ИП «Астана» бөбекжайы»
меңгерушісі:
м.у.а.А.С.Кенжетаева

Келісілді:

ИП «Астана» бөбекжайы
әдіскері: А.И.Мусина

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026-2027 оқу жылына арналған Қазақ тілі пәніне ұйымдастырылған іс-әрекеттің «Айналайын» ортаңғы тобының перспективалық жоспары

Қазақ тілі мұғалімі: Катчикова Ж.М.

2026-2027 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Білім беру ұйымы: ИП «Астана» бөбекжайы
Топ: «Айналайын» ортаңғы тобы.
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. **Сөздік қор:** Ауызекі сөйлеуде балалар әрекеттерінде күз мезгілі мен балабақша туралы және топтағы ойыншықтар туралы ұғым қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді байланыстырып құрастыруға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Қазан	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Туыстарын (әке, ана, ата, әже, апа және т.б.)білдіретін сөздердің мағынасын, күнделікті өмірде жиі қолданылатын заттардың ойыншықтардың атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар- әрекеттерінде қоршаған орта заттарымен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.Балаларға азық-түлік атауларын үйрету, жемістер мен көкөністер туралы ұғым қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар,кел, айт) **Байланыстырып сөйлеу:** Ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жәй сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
Қараша	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән ә,ө дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе» , «аға», «апа», «іні», «қарындас» атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Балалар бір-бірімен амандасу, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар,кел, айт) **Байланыстырып сөйлеу:** Ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жәй сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.

Желтоқсан.	**Тілдік дамытушы орта.** Түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуге ықпал жасау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән: ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қыс туралы түсінік беру. Жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға, жұмбақтар шешуге баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.Салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестерін дұрыс құрауға баулу. **Байланыстырып сөйлеу.** Сипатталған оқиғаларды көз алдына елестете алу арқылы байланыстыру қабілетін дамыту.
Қаңтар	**Тілдік дамытушы орта.** Түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуге ықпал жасау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән: ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Төрт түліктің және олардың төлдерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мұғалімнің (бар, алып кел, ал) өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындау қабілетіне үйрету, заттардың белгілерін (түсін, шамасын) және олармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді айту. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтарды жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу. **Байланыстырып сөйлеу.** Сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту.
Ақпан	**Тілдік дамытушы орта.** Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мұғалімнің (бар, алып кел, ал) өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындау қабілетіне үйрету, заттардың белгілерін (түсін, шамасын) және олармен іс-әрекеттерді

	білдіретін сөздерді айту. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтарды жаттауға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарапайым сөйлемдер құра білуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Наурыз	**Тілдік дамытушы орта.** Сәлемдесуде, өтінішін ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Көктем мезгілі туралы түсінік беру, алғыс айту күніне орай балаларға бір-біріне, балалабақша қызметкерлеріне алғыс айтуға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтарды жаттауға, ертегілерді тыңдауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Сөздерді көпше түрде қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.
Сәуір	**Тілдік дамытушы орта.** Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән: ұ, ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Балаларға құстарға қамқор болуға түсінік қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақ жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарапайым сөйлемдер құра білуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге (Бұл кім? Бұл не?) үйрету.

Мамыр	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. **Сөздік қор.** Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды дұрыс айтады.Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар жаттауға баулу. Түстермен таныстыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Өзіне таныс сөздерден жай сөйлемдер құрастыра алады. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге үйрету.